АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫ

ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯСЫ

05.08.2026ж.
Қонаев қаласы

АЛМАТИНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МАСЛИХАТ

ПОСТОЯННАЯ КОМИССИЯ

№_____
город Қонаев

Алматы облыстық мәслихаты тұрақты комиссиясының облыстық коммуналдық мүлікті жекешелендіру мәселелері бойынша көпшілік тыңдауларының отырысының хаттамасы

Қонаев қаласы
«Alatau Hub» инновациялық орталығы

05.08.2026 ж.
сағат 10.00-де

Төрағалық етті: Алматы облыстық мәслихатының тұрақты комиссиясының төрағасы Сұлтан Нұрғайыпұлы Нұрдәулетов

Хатшы: Маслихат аппаратының бас инспекторы Айнұр Абдуллақызы Мыңжасарова.

Көпшілік тыңдауға қатысқандар:

Алматы облыстық мәслихатының депутаттары – 6 адам

1. Нұрдаулетов Сұлтан Нұрғайыпұлы
2. Тусибиянова Гүлжан Нұрбекқызы
3. Бигельдиев Махаббат Садуақасұлы
4. Бокыбаев Нұрбақыт Абдығалиұлы
5. Туймелиев Нұрлан Ілесұлы
6. Сембаев Аманкелді Тлеубердіұлы

Басқармалар басшылары және өкілдері:

1. Алматы облысы қаржы басқармасының орынбасары Анар Мейрманқызы Ақчулакова,
2. Қаржы басқармасының бөлім басшысы Мұратбек Ақжол Есболатұлы,
3. Алматы облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы Мәди Абылайұлы Ахметов,
4. Алматы облысының білім басқармасы басшысының орынбасары Диана Тетенқызы Онбырбаева,
5. Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Қайыржан Онғарұлы Онғаров.

Сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, қоғамдық ұйымдар мен қоғам өкілдері, басқа да мүдделі тұлғалар.

000020

Көпшілік тыңдау өткізудің негіздемесі:

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 17-18-баптарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 қаулысымен бекітілген Жекешелендіру объектілерін сату қағидаларының 3-тармағына сәйкес, коммуналдық мүлікті жекешелендіруді жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады және коммуналдық мүлікті жекешелендіру туралы шешім қабылдау міндетті түрде жария тыңдаулар өткізуді талап етеді.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 13-бабына сәйкес, жария тыңдаулар мәслихаттың тұрақты комиссияларымен депутаттардың, атқарушы органдар өкілдерінің, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының және азаматтардың қатысуымен кеңейтілген отырыстар нысанында өткізіледі.

Көпшілік тыңдауды өткізу туралы ақпараттық хабарлама Алматы облыстық мәслихаты Регламентінің талаптарына сәйкес және тұрғындарды хабардар ету мақсатында 2026 жылғы 3 шілдеде Алматы облыстық мәслихаты аппаратының ресми интернет-ресурсында, 4 шілдеде облыстық «Алатау арайы» және «Огни Алатау» газеттерінде, сондай-ақ 5 шілдеде Алматы облыстық мәслихаты аппаратының әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында жарияланды.

КҮН ТӘРТІБІ

1. Алматы облысында мемлекеттік жастар саясатының іске асырылу мәселесі.

2. Еңбекшіқазақ ауданындағы білім беру ұйымдарының балансындағы пайдаланылмайтын 6 коммуналдық меншік объектісін сауда-саттыққа шығару мәселесі:

2.1. Алға орта мектебінің бұрынғы ғимараты;

2.2. Жаңашаруа орта мектебінің бұрынғы ғимараты;

2.3. Жаңашаруа мектебінің бұрынғы клуб ғимараты;

2.4. Қаратұрық орта мектебінің бұрынғы ғимараты;

2.5. Ж.Қайыпов ауылындағы «Қазақстан» мектебінің ғимараты;

2.6. Қызыл Қазақ бастауыш мектебінің бұрынғы ғимараты.

3. Денсаулық сақтау басқармасына қарасты пайдаланылмайтын бір коммуналдық меншік объектісін сауда-саттыққа шығару мәселесі:

3.1. Іле ауданы, Ынтымақ ауылында орналасқан фельдшерлік-акушерлік пункт (ФАП) ғимараты.

ТЫҢДАЛДЫ

1. Күн тәртібінің 1-ші мәселесі бойынша

Алматы облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы Мәди Абылайұлы Ахметов Алматы облысында мемлекеттік жастар саясатының іске асырылу барысы туралы баяндама жасады.

Баяндама барысында өңірде жастар саясатын іске асырудың негізгі бағыттары, жастарды жұмыспен қамту, кәсіпкерлікті қолдау, еріктілер қозғалысын дамыту, жастар ресурстық орталықтарының қызметі және жастар арасында құқық бұзушылықтың, нашақорлықтың, лудоманияның алдын алу жөніндегі жұмыстар туралы ақпарат берілді.

Сұрақтар қойылған жоқ.

Алматы облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының баяндамасы назарға алынсын деп дауыс берудің нәтижесі:

Қолдады – 6 (қарсы, қалыс – жоқ).

2. Күн тәртібінің 2-ші мәселесі бойынша

Алматы облысының білім басқармасы басшысының орынбасары Диана Тетенқызы Онбырбаева Еңбекшіқазақ ауданындағы білім беру ұйымдарының балансындағы пайдаланылмайтын алты коммуналдық меншік объектісін сауда-саттыққа шығару мәселесі бойынша баяндама жасады.

Баяндамашы Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес Еңбекшіқазақ ауданындағы пайдаланылмайтын коммуналдық меншік объектілерін жекешелендіру мақсатында сауда-саттыққа шығару ұсынылып отырғанын хабарлады.

Атап айтқанда, сауда-саттыққа шығару ұсынылған нысандар:

- Алға ауылы, Сұлтанбай көшесі, 53А мекенжайындағы бұрынғы Алға орта мектебінің ғимараты;
- Жаңашаруа ауылы, Одаманова көшесі, 25 мекенжайындағы бұрынғы Жаңашаруа орта мектебінің ғимараты;
- Жаңашаруа ауылы, Одаманова көшесі, 25 мекенжайындағы бұрынғы Жаңашаруа мектебінің клуб ғимараты;
- Достық ауылы, Кенжебаев көшесі, 10-құрылыс мекенжайындағы бұрынғы Қаратұрық орта мектебінің ғимараты;
- Ж. Қайыпов ауылындағы «Қазақстан» мектебінің ғимараты;
- Қайнар ауылы, Жәпекова көшесі, 2Б мекен жайындағы бұрынғы Қызыл Қазақ бастауыш мектебінің ғимараты.

Баяндамашының айтуынша, аталған ғимараттардың барлығы қазіргі уақытта мақсатты пайдаланылмайды. Бұған елді мекендерде жаңа мектептердің пайдалануға берілуі немесе оқушылар санының жеткіліксіздігіне байланысты білім беру ұйымдарының қызметінің тоқтатылуы себеп болған.

Сонымен қатар, нысандардың басым бөлігінің техникалық жай-күйі қанағаттанарлықсыз екендігі, бірқатарының ескіріп, жартылай қирағаны және әрі қарай пайдалануға жарамсыз екендігі атап өтілді.

Барлық объектілер бойынша құқық белгілейтін құжаттар заңнама талаптарына сәйкес рәсімделгені және қажетті материалдардың Алматы облысының қаржы басқармасына жолданғаны хабарланды.

Осыған байланысты аталған алты коммуналдық меншік объектісін белгіленген тәртіппен сауда-саттыққа шығаруға ұсынылды.

Сұрақтар:

Депутаттар тарапынан бірқатар сұрақтар қойылды. Атап айтқанда, аталған ғимараттарды сауда-саттыққа шығармай, болашақта қажеттілік туындауы мүмкін екенін ескере отырып сақтап қалу мүмкіндігі, ғимараттарды сату кезінде жер учаскелерін коммуналдық меншікте қалдыру мәселесі, сондай-ақ объектілерді сенімгерлік басқаруға беру мүмкіндігі туралы ұсыныстар айтылды.

Облыстық мәслихат депутаты Тусибиянова Гүлжан Нұрбекқызы барлық ғимараттарды сауда саттыққа шығаруға қарсылық білдірді.

Алматы облысының білім басқармасы басшысының орынбасары Диана Тетенқызы Онбырбаева- болашақта нақты 10 жылда бұл ғимараттардың қажеттілігі жоқ екендігін айтып жеткізді.

Қаржы басқармасының бөлім басшысы Мұратбек Ақжол Есболатұлы аталған сұрақтарға жауап бере отырып, нысандар бойынша алдын ала аудан әкімдіктерімен бірлесіп талдау жұмыстары жүргізілгенін хабарлады. Сонымен қатар, аудан әкімдерімен кездесулер өткізіліп, объектілерді сенімгерлік басқаруға беру мүмкіндігі қарастырылғанын, жергілікті кәсіпкерлерге тиісті ұсыныстар жасалғанын, алайда бұл нысандарды басқаруға немесе пайдалануға ешқандай қызығушылық танытылмағанын мәлімдеді.

Еңбекшіқазақ ауданындағы білім беру ұйымдарының балансындағы пайдаланылмайтын алты коммуналдық меншік объектісін сауда-саттыққа шығару мәселесі бойынша дауыс берудің нәтижесі:

Қолдады – 5 (Қарсы – 1 адам, қалыс – жоқ).

3. Күн тәртібінің 3-ші мәселесі бойынша

Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Қайыржан Онғаруұлы Онғаров Іле ауданы, Ынтымақ ауылында орналасқан фельдшерлік-акушерлік пункттің бұрынғы ғимаратын сауда-саттыққа шығару мәселесі бойынша баяндама жасады.

Баяндамашы Іле ауданындағы денсаулық сақтау ұйымдарының балансындағы пайдаланылмайтын бір коммуналдық меншік объектісін қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес сауда-саттыққа шығару ұсынылып отырғанын хабарлады.

Атап айтқанда, сауда-саттыққа шығаруға Іле ауданы, Ынтымақ ауылы, Мусаева көшесі, 17 құрылыс мекенжайында орналасқан бұрынғы фельдшерлік-акушерлік пункттің ғимараты ұсынылды.

Нысанның жалпы ауданы – 112,9 шаршы метр, 1975 жылы салынған, қабырғасы кірпіштен қаланған. Кадастрлық нөмірі – 03-046-144-741, жер учаскесінің ауданы – 0,0519 гектар.

Баяндамашының айтуынша, аталған ғимарат қазіргі уақытта мақсатты пайдаланылмайды. Бұған 2012 жылы Ынтымақ ауылында жаңа дәрігерлік амбулаторияның пайдалануға берілуіне байланысты бұрынғы фельдшерлік-акушерлік пункт қызметінің тоқтатылуы себеп болған.

Сонымен қатар, ғимараттың техникалық жай-күйі қанағаттанарлықсыз екені, оның жартылай қирағаны және әрі қарай пайдалануға жарамсыз екені атап өтілді.

Осыған байланысты Іле ауданы, Ынтымақ ауылы, Мусаева көшесі, 17 құрылыс мекенжайында орналасқан бұрынғы фельдшерлік-акушерлік пункттің ғимаратын белгіленген тәртіппен сауда-саттыққа шығаруға келісім беру ұсынылды.

Сұрақтар:

Тұрақты комиссияның төрағасы С.Н. Нұрдәулетов аталған нысанға өздері барып, техникалық жай-күйімен танысқанын жеткізді. Ғимараттың ұзақ уақыт бойы пайдаланылмағанын, қазіргі жағдайы өте нашар екенін және әрі қарай мақсатты пайдалануға жарамсыз екендігін атап өтті. Осыған байланысты барлық депутаттар нысанды белгіленген тәртіппен сауда-саттыққа шығаруға қолдады.

Іле ауданы, Ынтымақ ауылында орналасқан фельдшерлік-акушерлік пункт ғимаратын сауда-саттыққа шығару мәселесі бойынша дауыс берудің нәтижесі:

Қолдады – 6 (Қарсы, қалыс – жоқ).

ҚОРЫТЫНДЫ

Күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралып, талқыланды.

Комиссия ақпаратты және айтылған ұсыныстарды тыңдай отырып, **ШЕШТІ:**

Алматы облысының мәслихаты тұрақты комиссиясының Күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралып, жария тыңдаулар өтті деп танылсын.

Тұрақты комиссияның төрағасы С. Нұрдәулетов